

	Шымкент университеті Сапа менеджмент жүйесі Ғылыми кеңес туралы ереже		беті. 1 из 8
---	--	--	--------------



САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ТУРАЛЫ

ЕРЕЖЕ

СМЖ ШУ КЕ 01-01-2023

қызметі	қолы	А.Ж.Т.
Келісілді:		
Академиялық мәселелер және стратегиялық даму жөніндегі проректор		Керімбекова А.А.
Стратегиялық даму және ішкі сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы		Айдарова А.А.
Заң қызметінің басшысы		Асилханов Н.С.

қызметі	қолы	А.Ж.Т.
Әзірлеген:		
Ғалым хатшы		Белгибаева Г.А.

Құжаттың жарамдылық мерзімі: «27» 10 2023ж. «27» 10 2026ж. дейін ұзартылды: «__» ____ 20__ г.	Енгізілді: № 212-41 бұйрық Енгізілген күні: «27» 10 2023ж.	СМЖ ШУ КЕ 01-01-2023 Басылым 2 Тіркеу №__ Көшірме № 1
--	--	--

	Шымкент университеті	
	Сапа менеджмент жүйесі Ғылыми кеңес туралы ереже	беті. 2 из 8

Мазмұны

1 Жалпы ережелер	3
2 Негізгі міндеттері	3
3 Қызметтері	4
4 Құқықтары	6
5 Жауапкершілігі	6
6 Басқа құрылымдармен өзара қарым-қатынасы	6
А қосымшасы Танысу парағы	7
Б қосымшасы Өзгерістерді тіркеу парағы	8

	Шымкент университеті	
	Сапа менеджмент жүйесі Ғылыми кеңес туралы ереже	беті. 3 из 8

1 Жалпы ережелер

1.1 Шымкент университетінің (ары қарай – университет) Ғылыми кеңесі университеттің сайланбалы өкілдік нысаны болып табылады. ҚР заңнамаларына сәйкес Ғылыми кеңес жұмысын жүргізуге қатысты сұрақтарды өзі шешуге құзырлы.

1.2 Ереже - Шымкент университетінің Академиялық саясатын және сапаны ішкі қамсыздандыру жүйесін қалыптастыратын нормативтік құжат, барлық құрылымдық бөлімдер Ереже талаптарын орындауы міндетті.

1.3 Ғылыми кеңестің құрамы, құрылымы мен қызметі және оны сайлау тәртібі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына (04.07.2018 жылғы өзгерістері мен толықтыруларымен), «Жоғары оқу орнының Ғылыми кеңесі қызметінің үлгі ережесі және оны сайлау тәртібіне» (Бұйрық № 574, 22.11.2007 ж.), «Жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» (ҚР Үкіметінің 07.04.2017 № 181 қаулысы), Шымкент университеті Жарғысына және осы Ережеге сәйкес анықталады. Ғылыми Кеңестің қызметі оның құзырына кіретін мәселелерді ұжымдық талқылаудың ашықтығына негізделеді.

1.3 «Ғылыми кеңес туралы ережесі» Ғылыми кеңестің құрылу және қызмет тәртібін анықтайтын негізгі құжат болып табылады. Ғылыми кеңес құзыреті - 3 жыл.

1.4 Ғылыми кеңестің шешімдері барлық университет қызметкерлеріне міндетті болып табылады.

1.5 Лауазымдағы тұлғалар мен құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері Ғылыми кеңесте қабылданған шешімдерді уақытылы мерзімде орындамағаны үшін Ғылыми кеңес алдында жауапты және кеңесте қабылданған шешімдердің орындау барысы бақылауға алынады.

2 Негізгі міндеттері

2.1 Ғылыми кеңес қызметінің негізгі мақсаты - оқытушылар және студенттердің инновациялық (ақпараттық, компьютерлік, дүниетанымдық, коммуникативті, іс-әрекеттік) құзыретін арттырып дамытатын прогрессивтік білім беру, ғылыми, ақпараттық, компьютерлік және коммуникативтік технологиялары мен жабдықтарды жүйелі ендіру және жетілдіру болып табылады.

- мамандарды сапалы даярлаудағы ҚР Үкімет шешімдерін жүзеге асыру үшін университет ұжымын жұмылдыру;
- университет қызметінің білім беру, ғылым және тәрбиелеу үрдістерін ұйымдастырудағы негізгі мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;
- университеттің қаржы саласын реттеу, материалдық-техникалық базасын нығайту;

	Шымкент университеті	
	Сапа менеджмент жүйесі Ғылыми кеңес туралы ереже	беті. 4 из 8

- оқытушылардың кәсіби қызметінің сапасы мен олардың білім беру технологияларды иегеру сапасына талаптарды күшейту;

2.2 Ғылыми кеңес қызметінің негізгі міндеттері:

- білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруын қамтамасыз ету;
- кәсіби оқу бағдарламаларды табысты жүзеге асыру мақсатында профессор-оқытушылар құрамы білім алушылары үшін қажетті жағдайларды жасау;
- болашақ мамандарды даярлаудың көпсатылы жүйесін жетілдіру және әрі қарай дамыту;
- университет алдында тұрған мәселелерді үйлесімді шешетін білім беру және ғылыми технологияларды дамытуда жаңа жолдарды іздестіру;
- оқу орнына қосымша бәсекелестік артықшылықты қамтамасыз ететін оқу үдерісінің пәндік-бағдарлы қатынастағы ұйымдастыру түрінен студентке бағытталған, жеке тұлғаға бағдарланған оқытуды ұйымдастыру түріне көшу;
- Білім беру қызметінің географиялық аумағын ұлғайтуға, білім беру қызметін алға жылжытудағы университеттің белсенді маркетингті саясатын іске асыруға мүмкіндік беретін, университетке жаңа білім беру жолдарын қамтамасыз ететін ішкі инфрақұрылымдарды дамыту және арақашықтықтан оқыту жүйесін құру;
- мемлекеттік тілде оқыту жүйесінің қорын құру, қазіргі әлемдік стандарттарға сәйкес келетін еуропалық та, азиялық та деңгейде студенттердің шет тілдерді меңгеруге мүмкіндігін кеңейту;
- кредиттік оқыту технологиясын жетілдіру және оның нормативті-құқықтық негізін дамыту;
- оқыту үдерісін әдістемелік және ақпараттық қамсыздандыру және оқу бөлімдерінің материалдық қоры мен мамандар әлеуетін нығайту;
- оқытушыларды даярлау мен қайта даярлауда инновациялық әдістер енгізу;
- білім беру, инновациялық және ақпараттық бағдарламалармен алмасу мақсатында жақын және шалғай шетелдердің алдыңғы қатарлы оқу орындарымен республикалық және халықаралық ынтымақтастықты дамыту;
- университеттің Бақылау кеңесімен, қамқорлық кеңесімен және түлектер ассоциациясымен ынтымақтастықты дамыту.

3 Қызметтері

3.1 Университет құрылымына өзгеріс жасау және бекіту туралы Бақылау кеңесіне ұсыныс жасау;

3.2 Университет Жарғысын талқылау және оған өзгертулер мен қосымшаларды енгізу туралы Бақылау кеңесіне ұсыныс жасау;

3.3 Университеттің Бақылау кеңесі, қамқорлық кеңесі мен түлектер ассоциациясының ұсыныстарын талқылау және олардың орындалуы туралы шешім қабылдау;

	Шымкент университеті	
	Сапа менеджмент жүйесі Ғылыми кеңес туралы ереже	беті. 5 из 8

- 3.4 Университеттің оқу және ғылыми бөлімшелерін құру, қайта құру және жұмысын тоқтату (зертханаларды, кафедраларды, факультеттерді және т.б.);
- 3.5 Университет дамуының Тұжырымдамасын және стратегиясын анықтау;
- 3.6 Университеттің оқу-тәрбие, ғылыми-зерттеу және шаруашылық қызметін ұйымдастырудағы негізгі мәселелер жөнінде шешімдер қабылдау;
- 3.7 Ректор, проректорлар, құрылымдық бөлімдер басшыларының жыл сайынғы есептерін, оқу, ғылыми-зерттеу, тәрбие, қаржылық, шаруашылық, ақпараттық және халықаралық қызметін жүргізудің түрлері мен әдістері туралы есептерін тыңдау;
- 3.8 Оқу жоспарлары мен бағдарламаларды, академиялық күнтізбені бекіту;
- 3.9 Студенттер контингентін құру нәтижесін талқылау;
- 3.10 Құрылымдық бөлімдер, факультеттер мен кафедралар ережелерін бекіту;
- 3.11 Оқу үдерісінің материалдық-техникалық, кадрлық және ұйымдастыру-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету сұрақтарын қарастыру;
- 3.12 Мамандарға біліктілігін арттыру мен қайта даярлаудан өтуге жағдай жасау;
- 3.13 Жарғылық қызметті іске асыру үшін қосымша қаржы көздері мен материалдық қаражаттарды тарту;
- 3.14 Жекелеген санаттағы студенттерге қосымша жеңілдіктер мен материалдық көмек түрлерін уақтылы ұсыну;
- 3.15 Студенттерге өмір сүру, қоғамдық тамақтану, медициналық қызмет көрсету және оларды ұйымдастыру үшін қажетті жағдай жасау;
- 3.16 Студенттер үлгерімі бойынша ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестациялар нәтижесін талқылау;
- 3.17 Университеттің қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды ұйымдастыру;
- 3.18 Бюджеттен тыс қаражатты қолдану тәртібін, сондай-ақ университеттің ақылы білім беру қызмет көрсету және өңделген өнімді өткізу арқылы алынған табыстың қайта инвестициялау бағыттарын анықтау;
- 3.19 Университеттің алдыңғы қатарлы студенттері арасынан атаулы шәкіртақы алуға үміткерлерді бекіту;
- 3.20 Факультет, кафедралар және басқа да құрылымдық бөлімдер бойынша кешенді тексерулер ұйымдастыру және жүргізу;
- 3.21 Профессор және қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атақтарын беруге ҚР мемлекеттік аттестациялау органдарына (Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетіне) ұсыныс жасау;
- 3.22 Мәртебелі атаққа, ғылым мен техникаға еңбегі сіңген қайраткерлері атағына, мемлекеттік сыйақылар мен сыйлықтар беруге ҚР мемлекеттік аттестациялау органдарына ұсыныс жасау;
- 3.23 Магистранттардың диссертациялық зерттеулерінің тақырыптарын бекіту және ғылыми жетекші тағайындау;

	Шымкент университеті	
	Сапа менеджмент жүйесі Ғылыми кеңес туралы ереже	беті. 6 из 8

3.24 Ішкі тәртіп ережелерін, штаттық кесте, қызметтік міндеттер туралы ережелерін бекіту;

3.25 Қоғамдық өзін-өзі басқару және қоғамдық ұйымдар нысандарына жәрдемшілік ету;

3.26 Оқу құралдары мен монография дайындау және басып шығару, диссертацияға дайындық мақсатында шығармашылық демалыс беру мәселелерін қарастыру;

3.27 Университет Жарғысында қарастырылған, алқалы (коллегиалды) шешімді талап ететін күнделікті жұмыс барысындағы басқа да сұрақтарды қарастыру.

4 Құқықтары

4.1 Ғылыми кеңес құқылы:

- құрылымдық бөлімдерден тәрбие жұмысы мен оқу үдерісінің оқу-әдістемелік және материалды-техникалық қамтамасыз етілуі бойынша, ғылыми атаққа ұсыну, марапаттауға ұсыну байқауларына қатысты сұрақтар және т.б. мәселелер бойынша қосымша мәліметтер алуға;

- проректорлардың, декандардың, кафедра меңгерушілерінің, құрылымдық бөлім басшыларының, ғылыми-зерттеу институты директорларының есебін тыңдауға;

- Ғылыми кеңеске сараптама жасау, кеңес беру, сұрақтар дайындау мақсатында әр саланың мамандарын тартуға;

- оқу-тәрбие үдерісі мен ғылыми зерттеулер ұйымдастырудың барлық сұрақтары бойынша шешім қабылдауға.

5 Жауапкершілік

5.1 Осы Ережеде көрсетілген қызметтер мен міндеттердің тиісті түрде және уақтылы орындалуына Ғылыми кеңес жауап береді.

6 Басқа құрылымдармен қарым-қатынасы

6.1 Университет Ғылыми кеңесі университеттің барлық құрылымдық бөлімдерімен, қоғамдық және ғылыми-зерттеу институтымен сол сияқты университетте қызметтік қатынаста болады.

	Шымкент университеті	
	Сапа менеджмент жүйесі Ғылыми кеңес туралы ереже	беті. 7 из 8

А қосымшасы
(міндетті)

Танысу парағы

Лауазымы	Т.А.Ж.	Күні	Қолы
Ғылыми кеңес	Сейтқұлов Н.А.	30.10.2023	
төрағасы		1	
Ғылыми кеңес	Жерімбетова А.А.	30.10.2023	
төрағасының			
орынбасары			
Ғылыми кеңес	Жаңғасбекова Б.С.	30.10.2023	
мүшесі	Ахметов Н.Н.	30.10.2023	
	Есмиров Б.Б.	30.10.2023	
	Қыстаубаев Е.М.	30.10.2023	
	Мамбетова А.М.	30.10.2023	
	Маманова З.К.	30.10.2023	
	Сабдалиева А.К.	30.10.2023	
	Қобланова О.Н.	30.10.2023	
	Нигарова А.А.	30.10.2023	
	Сүлейменов А.Т.	30.10.2023	
	Джанатаев Д.К.	30.10.2023	
	Алиханбаев К.	30.10.2023	
	Жунирова К.Б.	30.10.2023	
	Жунирова А.Б.	30.10.2023	
	Морисов Ж.А.	30.10.2023	
	Тыкан Н.	30.10.2023	
	Қобеев З.	30.10.2023	
	Тураров Б.Т.	30.10.2023	
	Турғенова Т.М.	30.10.2023	



Танысу парағы

Қолы

